

"Ақмола облысы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2012 – 2013 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 919 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 қазандағы № 1334 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақмола облысы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2012 – 2013 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 919 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақмола облысы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2012 – 2013 жылдарға арналған жоспарында:

«1. Щучинск-Бурабай курорттық аймағының (бұдан әрі – ЩБКА) туристік әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар» деген бөлімде: реттік нөмірі 19, 20, 21, 22, 23, 24 жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

19	Щучье көлінің жағалауын абаттандыру (прокатқа беру және қоғамдық тамақтандыру объектілері бар велосипед, жаяу жүргіншілер және шаңғы жолдары)	Мемлекеттік сараптаманың (бұдан әрі – МС) оң қорытындысы, мемлекеттік комиссияның қабылдау актісі	ПШБ	2012–2013 жылдар	1 972,0	272,0	1 700,0	РБ
20	Бурабай көлі курорттық аймағының инженерлік инфрақұрылымын салу	М С оң қорытындысы, мемлекеттік комиссияның қабылдау актісі	ПШБ	2012–2015 жылдар	123,1	20,8	102,3	РБ
21	Бурабай көлі ауданындағы туристік маршруттарды жайғастыру (прокатқа беру және қоғамдық тамақтандыру объектілері бар велосипед, жаяу жүргіншілер және шаңғы жолдары)	М С оң қорытындысы, мемлекеттік комиссияның қабылдау актісі	ПШБ	2012–2014 жылдар	370,0	70,0	300,0	РБ
22	Бурабай кентіндегі демалу саябағын салу (жабық аквапарк және белсенді демалыс аймағымен)	М С оң қорытындысы, мемлекеттік комиссияның қабылдау актісі	ПШБ	2012–2014 жылдар	1 087,1	87,1	1 000,0	РБ
		М С оң қорытындысы, мемлекеттік						

23	Мұздан ертегі қалашығын салу	комиссияның қабылдау актісі	ПБ	2012–2013 жылдар	444,0	364,0	80,0	РБ
24	«Оқжетпес» шипажайының қосымша емдеу бөлімшесі бар 100 нөмірлік тынығу корпусын салу	МС оң қорытындысы, мемлекеттік комиссияның қабылдау актісі	ПБ	2012–2014 жылдар	125,0		125,0	РБ

» ;

«жиыны (24 іс-шара)» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Ж и ы н ы (24 іс-шара)				4121,2	813,9	3307,3	
---------------------------	--	--	--	--------	-------	--------	--

» ;

«2. ЩБКА экологиялық проблемаларын шешу жөніндегі шаралар» деген бөлімде: реттік нөмірі 40-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: «Шучье қаласының 4-ші кезектегі орамшілік су құбырлары желілерін салудың (93,08 км) МС бар жобалық-сметалық құжаттарын (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу»; « Б А Р Л Ы Ғ Ы » деген жолда :

6-бағандағы «13696,0» деген сандар «17817,2» деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағандағы «3611,9» деген сандар «4425,8» деген сандармен ауыстырылсын;

8-бағандағы «10084,1» деген сандар «13391,4» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *С. Ахметов*